



АСТАНА

АКШАМЫ

«Қазақконцерттің» Астанадағы қадамдары

Отken қыста бірқатар бұқаралық ақпарат қуралдары алпыс жылға жуық тарихы бар «Қазақконцерт» бірлестігінің жабылғандығы жөнінде жаңалықты таратты.



Сол кезде: «Шара Жиенқұлова, Манаубек Ержанов, Жамал Омарова, Жүсіпбек Елебеков, Рабиға Есімжанова, Мағауия Хамзин, Нұрсұлу Тапалова, Роза Бағланова сынды қазақ ән-күй және би өнерінің майталмандары бастаудың тұрған іргелі ұжымның жұмысын тоқтатқаны қалай болды?» деп, ойланғанымыз рас. Журналистер тарапынан айтылған «Бірлестік түбекейлі жабылмай, Астанаға көшүі мүмкін» деген болжам ғана көnlімізге демеу болды. Бұл сөз шындыққа айналғанын естіген соң, елорда төрінде қайта құрылып, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымы атауын алған ұжымның тыныс-тіршілігімен танысуға асықтық.



ЖАЛЫНДАҒАН ЖАСТАР ТАНЫЛАДЫ

«Қазақстан» орталық концерт залының негізінде жұмысын жалғастырған, әлемдегі озық технологиялық жетістіктерді есепке алып, жабдықталған, сәулет өнерінің бірегей туындысы болып саналатын ғимаратта орын тепкен үйым алдында ауқымды мақсаттар қойылып отыр. Басты мақсат – әрине, әдеби және сан салалы өнер туындыларымен көпшілікті қауыштыру. Сол арқылы үйымға қарасты өнер үжымдары мен жеке орындаушыларды халыққа таныстыру. Бұл тұрғыдан алғанда, «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік үйымы аттары әлі таныла қоймаган жас өнерпаздарға үлкен сенім артып отыр. Үжым қатарына да негізінен сондай өнерпаздар қабылданған.

Ал тарихы терең, өзінің қалыптастырған дәстүрлері бар бірлестікке келсек, ол елордадағы үйымның Алматыдағы филиалы болып қала бермек. Филиалды бұрынғысынша белгілі әнші, композитор, Қазақстанның және Қыргызстанның халық әртісі Алтынбек Қоразбаев басқарып отыр.

ӨНЕР МАЙТАЛМАНДАРЫНЫҢ ӨНЕГЕСІ

Ғимаратты аралатып, сондағы өнер үжымдарымен бізді үйымның шығармашылық жөнінде директордың орынбасары Ерлан Дәкенов таныстыруды. Астанадағы үйымға қарасты үжымдарға да аттары көпшілікке танымал өнер майталмандары жетекшілік етуде екен. Мәселен, «Солистер академиясы» мемлекеттік оркестрінің көркемдік жетекшісі – Әлем әртісі деген атағы бар Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, Қазақстанның халық әртісі, еліміздің Еңбек Ері Айман Мұсақожаева. Фольклорлық-этнографиялық ансамбль басшылығын танымал күйші, композитор, ҚР еңбек сінірген әртісі Секен Тұрысбек қолға алды. Ал «Forte-Trio» атты мемлекеттік трионы ҚР еңбек сінірген қайраткері, пианиношы Тимур Урманчеев басқаруда. Бұл үжымдарға қоса үйым құрамында камералық оркестр, эстрадалық топтар мен жеке орындаушылар жұмыс істеуде.

«ASTANA MUSICAL» АЛАР АСУ

Жылда газетіміз арқылы бас қалада «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік үйымы жаңынан «Astana Musical» атты жана театр ашылғанын сүйіншілегенбіз. Қазақ көрерменіне әлі де таңсық болып көрінетін бағытты тандаған театрдың дайындалған жатқан алғашкы қойылымы жайлы да жазғанбыз. Сонда өнер үжымы өзінің тұсауексерін «Дос-Мұқасан» ансамблінің репертуарынан алғынған әндерден құралған мюзиклмен өткізетіні айтылған. Ақпаратты толықтыра кетейік, тұңғыш қойылым әйгілі ансамбльдің әндерінен ғана емес, өткен ғасырдың алпысыншы-жетпісінші жылдардағы танымал туындылардан тұрады. Мұны бізге қойылымның қоюшы режиссері Еслем Нұртазин жеткізді. Сол жылдардағы жастықтың

лебін осы заманға әкелетін, ғашықтық сезімнің қуанышы мен мұны сынды мәңгілік тақырыпты өнер тілінде сөйлететін қойылымның премьерасы қыркүйек айының аяғына, қазан айының бас кезіне жоспарланған. Оған қырық шақты әртіс қатыспақ. Арасында елгі белгілі өнерпаздар да көрініп қалуы тиіс.

АТҚАРЫЛАР ИС АУҚЫМЫ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 69-қадамында Астананы зерттеушілерді, студенттерді, кәсіпкерлерді, барлық өнірлерден туристерді тартатын Еуразияның іскерлік, мәдени және ғылыми орталығына айналдыру жөнінде айтылған. Елордада «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымының құрылуы соған бірден-бір жол ашады. Алдымызда келе жатқан «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрменің қарсаңында да ұйымның атқарар қызметі маңызды болмақ. Көрме өтетін күндері ұжым өнерпаздарына түсетін үлкен жүкті де біздіңше, шамалау мүмкін емес.

Әлемдік ауқымдағы шараның алдында да, одан кейін де ұйымның атқарар қызметі көлемді болмақ. Оның бәрі де Астананың имиджіне он ықпалын тигізбек.

– Жыл сайын халықаралық және республикалық конкурстар мен фестивальдарды ұйымдастыруды қолға алмақпаз. Соның ішінде Шемши Қалдаяқов атындағы халықаралық ән фестивалі, «Ұлы дала музыкасы» фестивалі, Орталық Азия елдерінің театр фестивалі, жеке орындаушылар, пианистер, скрипкашылардың конкурстары, «Елім менің», «Тәуелсіздік толғауы» республикалық конкурстары және өзге де байқаулар бар. Әлемдік классикалық және қазіргі заманғы музикалық өнер жүлдyzдарының концерттерін өткізбекпіз. «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу аясында классикалық және эстрадалық музика концерттерін апта сайын ұйымдастырмакпаз. Сондай-ақ, балаларға арналған апта сайынғы абонементтік спектакльдер мен концерттер, ұлттық фильмдердің түсакесерлері, мәдениет, спорт және туризм салалары бойынша халықаралық конференциялар, брифингтер, көрмелер, дөңгелек үстел мәжілістері, театрландырылған қойылымдар, шоу-бағдарламалар және өзге де ауқымды шараларды өткізу ұйым міндетіне жатады, – дейді «Қазақконцерт» мемлекеттік концерттік ұйымының директоры Салтанат Сейдімбек.

БӘСЕКЕЛЕСТІК ОРТА ҚАЛЫПТАСПАҚ

Қарап отырсақ, осының бәрі аз жұмысты қажет етпейді. Ұйымның бұл енбегі арқылы Астана мәдениеті жаңа сапаға көтеріледі. Эрине, көп нәрсе өнерпаздарды кәсібілігіне байланысты болмақ. Егер әртістер биік деңгейде өнер көрсете білсе, елордадағы өзге өнер ұжымдары да сондай дәрежеге

көтерілуге тырысады. Бұл тұрғыдан алғанда, «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымының өнерпаздары елордада бәсекелестік орта қалыптастырымақ. Мәселен, осы күндерге дейін «Жастар» театры қойған мюзиклдерді ғана тамашалаған едік. Оның кейінгісі «Моцарт» қойылымы болды. Осы туынды жаман шықты деп айтпаспыз, бірақ бізге «Astana Musical» театры осы жанрдағы қойылымдарды қалай қоятыны қызық боп тұр. Бұл мәселе мюзиклдерді қою жөнінен тәжірибесі бар «Жастар» театры ұжымын да қызықтырыры сөзсіз. Демек, қос ұжым бірі екіншісінің қойылымдарын тамашалап, кәсіби тұрғыдан өседі. Бұдан осы екі театр ғана емес, мәртебелі өнер ұтады. Халыққа керегі де жүректі тебірентетін шынайы өнер. Ендеше, «Қазақконцерт» мемлекеттік ұйымына осы үдеден көрінуіне шын жүректен тілекtestіk білдіріп, елордада жаңа бастаған қадамдарына сәттілік тілейміз!

Аманғали ҚАЛЖАНОВ